



Бекітемін

Қазақ Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің Ректоры

Ж.Темірбекова

» 09 2025ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУ

ҚН-УК-064/02-2025

ТЕРАПИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ОРТОПЕДИЯЛЫҚ СТОМАТОЛОГИЯ КАФЕДРА ПРОФЕССОРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУЫ

Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктіліктің кіші деңгейі 8.4

АЛҒЫ СӨЗ

1. Кадр бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Кадр бөлімінің басшысы Ж.Сыздыкова
– Академиялық департамент директоры А.Бостанова
3. Келісілді – Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының
басшысы С.Кырыкбаева
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2025 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2027 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан қ., 2025ж.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
ЖҰМЫС ДАНАСЫ
№ 25
« 19 » 09 2025ж.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-УК-064/02-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Кафедра қауымдастырылған профессор (доцент) қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		10 беттің 2-беті

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің кафедра профессор Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген кәсіптік стандартқа сәйкес Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктіліктің 8 деңгейі, біліктіліктің кіші деңгейі 8.4 (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, ғылыми дәрежесі / өнер, сәулет, дене шынықтыру және спорт саласындағы құрметті атағы және (немесе) мемлекеттік наградасы бар) және «профессор» ғылыми атағы және ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі кемінде 5 (бес) жыл болуы) санатына жатады және профессор-оқытушылар құрамына енгізіледі. Ол жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында академиялық, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, тәрбие және қоғамдық қызметті жүзеге асырады.

1.2 Қауымдастырылған профессор (доцент) өз қызметінде Қазақстан Республикасының (әрі қарай – ҚР) Конституциясын, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз етуге арналған халықаралық стандарттарды (ESG – Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің стандарттары мен нұсқаулықтары, ISO 9001 сапа менеджменті жүйесінің стандарты), Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, білім беру бағдарламаларын, ҚР Ғылым және жоғары білім және Денсаулық сақтау министрліктерінің нормативтік құжаттарын, университет Жарғысы мен Даму бағдарламасын, университет Ректорының бұйрықтары мен өкімдерін, сондай-ақ университеттің ішкі нормативтік актілері мен ережелерін басшылыққа алады.

1.2.1. Университет педагогтарының кәсіби дамуы формальды, бейформальды және информальды білім нәтижелерін тану қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы №591 бұйрығы).

1.3 Профессор қызметіне ашық конкурс негізінде университет Ректорының бұйрығымен қызметке қабылданады және босатылады.

1.4 Профессор тікелей кафедра меңгерушісіне бағынады.

1.5 Профессор тікелей басшысының ауызша және жазбаша тапсырмаларын орындауға міндетті.

1.6 Профессор белгілі себептермен қызметінде болмаған кезде оның оқу жүктемесі кафедра меңгерушісінің шешімімен кафедраның басқа оқытушысына жүктеледі.

1.7 Профессор жұмысының нәтижесіне толығымен жауап береді.

2 БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

2.1 Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктіліктің 8 деңгейі санатына жататын профессор қызметіне жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, ғылыми дәрежесі / өнер, сәулет, дене шынықтыру және спорт саласындағы құрметті атағы және (немесе) мемлекеттік наградасы бар) және «профессор» ғылыми атағы және ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі кемінде 5 (бес) жыл бар тұлға бола алады.

2.2 Профессор білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-УК-064/02-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Кафедра қауымдастырылған профессор (доцент) қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		10 беттің 3-беті

- «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;
- білім беру саласындағы өзге де нормативтік-құқықтық актілерді;
- білім беру жүйесін басқарудың теориясы мен әдістемесін;
- оқу жоспарларын әзірлеу тәртібін;
- оқу-әдістемелік құжаттарды рәсімдеу мен жүргізу ережелерін;
- кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіби оқыту әдістемесін;
- студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің заманауи формалары мен әдістерін;
- экономика негіздерін және еңбек заңнамасын;
- еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігі бойынша талаптар мен нормаларды;
- университет Жарғысын;
- университеттің Даму бағдарламасын;
- қызметтік этиканы;
- сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің талаптарын;
- сапа менеджменті жүйесінің талаптарын;
- осы қызметтік нұсқауды;
- университеттің ішкі еңбек тәртіп ережесін;
- кафедра туралы Ережені.

2.3 Профессор бекітілген тәртіпке сай атқаратын қызметінің сәйкестігі бойынша аттестациялаудан өтеді.

3 МІНДЕТТЕР

3.1 Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктіліктің кіші деңгейі 8.4 (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, ғылыми дәрежесі / өнер, сәулет, дене шынықтыру және спорт саласындағы құрметті атағы және (немесе) мемлекеттік наградасы бар) және «профессор» ғылыми атағы және ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі кемінде 5 (бес) жыл бар) профессор еңбек функциялары.

3.1.1 Еңбек функциясы 1: Оқыту

3.1.1.1 Дағды: Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету;

3.1.1.1.1 Біліктер:

- студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, оқу сабақтарының барлық түрлерін ұйымдастыру және өткізу;
- білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеу және ғылыми мектептерді дамыту үшін жаңа бағыттарды айқындау;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің қазіргі заманғы парадигмаларының (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша) құнды идеялары мен инновацияларын практикада іске асыру.

3.1.1.1.2 Білімдер:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-УК-064/02-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Кафедра қауымдастырылған профессор (доцент) қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		10 беттің 4-беті

- университетте білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары;

- студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің қазіргі заманғы парадигмалары;

- жетекшілік ететін пәндер саласындағы білімнің қазіргі жай-күйі.

3.1.1.2 Дағды: Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету;

3.1.1.2.1 Біліктер:

- әлемдік трендтерге сәйкес (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша) білім беру процесіне педагогикалық инновацияларды енгізу.

3.1.1.2.2 Білімдер:

- инновациялық педагогиканың теориялары мен әдістемелері (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша).

3.1.2 Еңбек функциясы 2: Ғылыми зерттеулер жүргізу

3.1.2.1 Дағды: Ғылым, жоғары білім және еңбек нарығының интеграциясын қамтамасыз ету;

3.1.2.1.1 Біліктер:

- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, оның ішінде пәнаралық, халықаралық (зерттеу нәтижелерін кейіннен коммерцияландыра отырып) орындауға бастамашылық жасауға, басшылық етуге және/немесе қатысу;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім беру ортасында ғылыми мектепті ұйымдастыру және ілгерілету;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында құрылымдық бірліктерінің ғылыми бағыты бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы (институттар, орталықтар, кафедралар, ғылыми зертханалар) ұйымдастыру, басшылық ету және қатысу;

- ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттыру;

- ұлттық және халықаралық дерекқорлармен жұмыс істеу.

3.1.2.1.2 Білімдер:

- ғылыми зерттеулер әдістемесі;

- ғылыми зерттеулер жүргізу кезіндегі этикалық нормалар;

- ұлттық және жаһандық контекстегі заманауи ғылымды дамыту стратегиялары⁷

3.1.2.2 Дағды: Білім алушыларда зерттеу дағдыларының талап етілетін деңгейін дамыту;

3.1.2.2.1 Біліктер:

- ғылыми жобаларға, зерттеулерге басшылық жасау/консультация беру кезінде зерттеулердің тиісті сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

3.1.2.2.2 Білімдер:

- магистрлік және докторлық бағдарламалардың өзекті мәселелері (дайындық бағыты бойынша).

3.1.3 Еңбек функциясы 3: Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру

3.1.3.1 Дағды: Университетте макропроцестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

3.1.3.1.1 Біліктер:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-УК-064/02-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Кафедра қауымдастырылған профессор (доцент) қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		10 беттің 5-беті

- барлық деңгейдегі әдістемелік комиссиялар мен кеңестердің құрамында ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, басшылыққа алу және қатысу;
- жетекшілік ететін пәндердің әдістемелік қамтамасыз етілуін бақылау;
- білім беру процесінде инновациялық ғылыми-әдістемелік өнімді әзірлеу және қолдану;
- іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу;
- ғылыми-зерттеу мектептерін қалыптастыру және дамыту.

3.1.3.1.2 Білімдер:

- үздіксіз білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер (оның ішінде Ұлттық біліктілік жүйесі);

- еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын дамыту және жетілдіру тетіктері;

- жас оқытушыларға тәлімгерлік ету стратегиялары, әдістері мен нысандары.

3.1.4 Еңбек функциясы 4: Білім алушы жастарды әлеуметтендіру

3.1.4.1 Дағды: Студенттік ортада әлеуметтік құндылықтарды ілгерлету;

3.1.4.1.1 Біліктер:

- университет саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту;

- білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал ету;

- академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаларын сақтау.

3.1.4.1.2 Білімдер:

- педагогикалық менеджмент және жас ерекшелік психологиясы;

- педагогикалық аксиология;

- жастар ортасында және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктері.

3.1.4.2 Дағды: Білім алушыларды таңдалған кәсіптің құндылықтарымен таныстыру;

3.1.4.2.1 Біліктер:

- білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтау.

3.1.4.2.2 Білімдер:

- жетекшілік ететін пәндер саласындағы жаңа білімнің педагогикалық (тәрбиелік) әлеуеті.

3.1.5 Қосымша еңбек функциялары: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл.

3.1.5.1 Дағды: Ішкі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл;

3.1.5.1.1 Біліктер:

- білім алушылармен кәсіби-педагогикалық коммуникацияны қамтамасыз ету;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында қызметкерлермен және әріптестермен іскерлік, конструктивті коммуникация (оның ішінде командалық және коллаборативті) құру;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасына кепілдік беру жөніндегі алқалы органдарда (академиялық комитеттер) жұмыс істеу.

3.1.5.1.2 Білімдер:

- қазіргі педагогикалық менеджменттің теориялары мен практикасы;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-УК-064/02-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Кафедра қауымдастырылған профессор (доцент) қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		10 беттің 6-беті

- кәсіптік ортадағы әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарының стратегиялары, тетіктері.
- 3.1.5.2 Дағды: Сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл;
- 3.1.5.2.1 Біліктер:
 - білім алушыларды қоғамдық жастар қозғалыстары мен ұйымдарына тарту;
 - болашақ мамандарды даярлау процесіне жұмыс берушілерді тарту;
 - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасының кепілдігі бойынша құрылымдарда жұмыс істеу;
 - дайындық бағыты бойынша сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
 - түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік желілерде өзекті мақалалар жариялау.
- 3.1.5.2.2 Білімдер:
 - шетелдік және қазақстандық жастар қозғалыстарының (волонтерлік, жасыл жасақтар, скауттар) және ұйымдардың саясаты мен стратегиялары;
 - халықаралық және қазақстандық еңбек нарығындағы инновациялық процестер.
- 3.2 Білім беру бағдарламалары негізінде пәндердің оқу және жұмыс бағдарламаларын, силлабустарын әзірлеу;
- 3.3 Оқу сабақтарын жұмыс оқу жоспарына сәйкес өткізу, олардың сапасын қамтамасыз ету;
- 3.4 Оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулар дайындау арқылы оқытылатын пәндерді кешенді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету;
- 3.5 Лекциялардың ғылыми-әдістемелік деңгейін үздіксіз көтеру, практикалық сабақтар мен білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру арқылы құзыреттерге сәйкес дағдыларды қалыптастыру;
- 3.6 Білім алушылардың ізденушілік талдау қабілеттерін дамытуға бағытталған өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету;
- 3.7 Білім алушылардың аралық және қорытынды білімін бақылауға қатысу, емтихан қабылдау;
- 3.8 Барлық сабақ түрлерін жүргізу, магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасау;
- 3.9 Цифрлық контент әзірлеу, лекцияларды бейнежазба түрінде жазу және оларды білім алушыларға қолжетімді ету;
- 3.10 LMS жүйелерін (Platonus, Moodle және т.б.) пайдалану арқылы оқу процесін ұйымдастыру;
- 3.11 Сапалы білім беруді қамтамасыз ету, оқу нәтижелерін үздіксіз жетілдіру;
- 3.12 Білім алушылардың жеке тұлғасы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- 3.13 Мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу;
- 3.14 Жоспарланған оқу жүктемесін толық орындау;
- 3.15 Есептер мен құжаттарды мерзімінде дайындау;
- 3.16 Кафедрадағы зерттеу тақырыптары аясында семинарларға, мәжілістерге, конференцияларға, оның ішінде халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысу;
- 3.17 Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасау және қатысу;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-УК-064/02-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Кафедра қауымдастырылған профессор (доцент) қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		10 беттің 7-беті

3.18 Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша дербес жоспар құрып, нәтижелерін кафедраға есеп беру;

3.19 Ғылыми-педагогикалық білімін жетілдіру;

3.20 Оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмыстары бойынша жеке жоспар әзірлеу және жүзеге асыру;

3.21 Әдістемелік комиссия құрамында, кафедраның ғылыми-әдістемелік кеңесінде жұмыс істеу;

3.22 Факультет пен университеттің сапаның ішкі қамтамасыз ету жүйесінің талаптарын орындауға және жетілдіруге қатысу;

3.23 Жұмыс берушілермен және түлектермен өзара байланыс орнатып, олардың пікірін білім беру бағдарламаларын жетілдіруге ескеру;

3.24 Студенттердің құндылық бағдарларын, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал ету;

3.25 Студенттердің тәрбиелік іс-шараларына қатысу;

3.26 Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау, білім алушылардың әділ бағалануына және академиялық еркіндігіне кепілдік беру;

3.27 Кәсіби этиканы және еңбек заңнамасын сақтау;

3.28 Университеттің, факультеттің және кафедраның қоғамдық жұмыстарына қатысу;

3.29 Факультет пен кафедра деңгейінде еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына бақылау жасау;

3.30 Денсаулық сақтау саласында – клиниканың емдеу жұмыстарына қатысу, науқастарды жүргізу, консультациялар өткізу, дәрігерлік конференциялар мен семинарларға қатысу және баяндама жасау; (Денсаулық сақтау кафедралар үшін).

3.31 Өзінің кәсіби құзыреттілігін үздіксіз арттыру, біліктілікті көтеру курстарына, тағылымдамаларға және семинарларға қатысу;

3.32 Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: Мейірімділік, қарым-қатынас, эмпатия, стресске төзімділік, эмоционалды тепе-теңдік, кәсіби және әлеуметтік жауапкершілік, оқыту және зерттеу дағдыларын дамыту мүмкіндігі.

4 ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1 Оқу процесін ұйымдастыруда академиялық еркіндікке ие болу;

4.2 Білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құжаттарды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

4.3 Университеттің кітапханалық-ақпараттық қоры мен электрондық ресурстарын, заманауи цифрлық технологиялар мен LMS жүйелерін еркін пайдалану;

4.4 Білім беру процесінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мен қорғауға қатысу (әділ бағалау, плагиатқа жол бермеу);

4.5 Белгіленген тәртіппен халықаралық, республикалық және аймақтық ғылыми конференцияларға, семинарларға, оқу-әдістемелік мәжілістерге қатысу;

4.6 Өзінің ғылыми және әдістемелік еңбектеріне авторлық құқықты және интеллектуалдық меншікті қорғау;

4.7 Ғылыми-зерттеу бастамаларын ұсыну және жүзеге асыруға қатысу;

4.8 Университет басшылығы қабылдайтын шешімдердің жобаларымен танысуға;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		КН-УК-064/02-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Кафедра қауымдастырылған профессор (доцент) қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		10 беттің 8-беті

4.9 Өз пәніне, оқу процесіне және кафедра жұмысына қатысты әдістемелік ұсыныстар енгізуге;

4.10 Университеттің сапаны қамтамасыз ету жүйесінің жұмысына қатысуға және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар беруге;

4.11 Кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлармен (материалдық, әдістемелік, ақпараттық, техникалық) қамтамасыз етілуге;

4.12 Жұмыстан қол үзе отырып немесе қатар жүріп өзінің біліктілігін арттыруға, үздіксіз кәсіби даму курстарына қатысуға;

4.13 Өзінің кәсіби беделі мен ар-намысын қорғауға;

4.14 Ғылым мен білім беру саласындағы жетістіктері үшін материалдық көтермелеуге және марапатталуға;

4.15 Студенттердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған шараларға қатысуға;

4.16 Университет әкімшілігінің шешімдері мен бұйрықтарына белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4.17 Университеттің стратегиялық дамуына қатысты бастамаларға қатысуға;

4.18 Кафедра мен факультет деңгейінде басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне қатысуға.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІК

5.1 Қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін;

5.2 Атқарған жұмысының сапасы төмен болған жағдайда;

5.3 Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін (плагиат, әділ бағаламау, академиялық еркіндікті шектеу);

5.4 Білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны, оларға әдепсіз қарым-қатынас жасағаны үшін;

5.5 Ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмыста сапасыздыққа, кәсіби қателіктер жіберуге жол бергені үшін;

5.6 Зерттеу нәтижелерінің сапасына, деректердің сенімділігіне және ғылыми этика талаптарының сақталуына жауапты;

5.7 Оқу-әдістемелік құжаттарды (силлабус, ЖОЖ, есептер және т.б.) сапасыз немесе уақытында орындамаған жағдайда;

5.8 Университет Жарғысында, ішкі құқықтық актілерінде, кафедра туралы ережеде және лауазымдық нұсқаулықта көрсетілген міндеттерді орындамағаны үшін;

5.9 Университеттің сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің талаптарын орындамағаны үшін;

5.10 Қызметтік этика нормаларын сақтамағаны үшін;

5.11 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзғаны және сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттерге жол бергені үшін;

5.12 Қызметтік және құпия ақпаратты жария еткені үшін;

5.13 Кафедраның материалдық-техникалық базасын және өзге ресурстарын мақсатқа сай емес пайдаланғаны үшін;


5.14 Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамағаны үшін;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-УК-064/02-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Кафедра қауымдастырылған профессор (доцент) қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		10 беттің 9-беті

5.15 Өзіне сеніп тапсырылған университет мүлкі мен материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпеген жағдайда, келтірілген зиянды қолданыстағы заңнамаға сәйкес өтеуге міндетті.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер вице-ректоры

 Э.Идрисова

Заң бөлімінің басшысы

 Г.Мусаханов

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы

 С.Кырыкбаева

